

# АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ  
НАҚТЫЛЫҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ  
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП



# АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

«ЦЕННОСТИ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ  
В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ  
И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ»

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

II КНИГА

Қостанай қ., 2025 ж.  
г. Қостанай, 2025 г.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ресейлік Мәскеу облысындағы Мемлекеттік жоғары білім беру ұйымы «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректоры, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Ресей; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар - тәрбиенің тұжырымдамалық негізі:  
**Қ 22** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: II Кітап, 27 ақпандағы 2025 жылдың – Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025 . – 1611 б. = Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях: Материалы международной научно-практической конференции: II книга, 27 февраля 2025 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025. – 1611 с.

ISBN 978-601-356-498-2

Жинақта Алтынсарин оқуларының «Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар – тәрбиенің тұжырымдамалық негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланған. Бұл Қазақстандық білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары туралы зерттеулер, еліміздің ұлттық біртұтас тәрбие бағдарламаны жүзеге асыру жолдары, жас ұрпақты тәрбиелеуде халықаралық және отандық тәрбие мәселелері ескеру жолдары, мектеп пен отбасының қоғамдық тәрбие күштерін біріктіру туралы пікірлері, зерттеу ұсынылымдары туралы мақалалар жинақталған.

Жинақта білім беруде ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарын еңгізудің өзекті мәселелері, озат тәжірибелер, біртұтас тәрбиенің бағыт-бағдарымен тенденцияларын айқындалып, сондай-ақ қолжетімділікпен инклюзивтілікті қамтамасыз ету, барлық деңгейлердегі мазмұнның құндылық аспектісін өзектендіру, білім беру ұйымдарында ашықтық пен ынтымақтастық ахуалын құру, білім беруді дамыту мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың инновациялық форматтарымен тиімді тәжірибелерін еңгізу, педагогикалық ғылым мен практиканы интеграциялау қарастырылған.

Конференция материалдары қазіргі білім беру контекстіндегі Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының өзектілігін, оқытудың гуманистік теориясының ғылыми негіздерін, қазіргі педагогикалық білім берудегі ғылым мен практиканың өзара байланысы мәселесін шешу жолдарын, интегративті жүйе ретіндегі кәсіпке дейінгі педагогикалық білім берудің маңыздылығын, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, педагогтардың тәрбие мәселелерін өз қызметтерінде шешу жолдары айқындалған.

Бұл жинақтың материалдарын ғалымдар, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілер, педагог-психологтар, магистранттар мен студенттер пайдалана алады.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях», определяющие общие направления тенденции внедрения национальной программы «Біртұтас тәрбие», такие, как ценностные аспекты воспитания подрастающего поколения, анализ возможностей и лучших практик по внедрению единой программы воспитания, поддержка взаимодействия школ и семьи в воспитании ценностных ориентиров детей и молодежи, изучение путей создания безопасной и поддерживающей образовательной среды в организациях образования.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отечественном образовании, педагогической готовности педагогов к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-498-2



9|786013|564982|

УДК 37.02  
ББК 74.00

Эмоционалды интеллект технологияларын білім беру процесіне біріктіру қауіпсіз және қолдау ортасын құруға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың өмірлік маңызды дағдыларын дамытады. Бұл тәсілдер оқушылардың дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың психологиялық денсаулығын нығайтады, бұл өз кезегінде академиялық жетістіктерге оң әсер етеді мұндай ортаны құру кешенді тәсілді және білім беру процесінің барлық қатысушыларының белсенді қатысуын талап етеді. Бұл білім сапасын арттырып қана қоймай, білім беру ортасында үйлесімді қарым–қатынас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Инновациялық технологиялар қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оларды оқу процесіне интеграциялау академиялық нәтижелерді жақсартып қана қоймай, сондай–ақ жағымды психологиялық климат қалыптастыруға ықпал етеді. Тұрақты нәтижелерге қол жеткізу үшін жаңа тәсілдерді зерттеу мен енгізуді жалғастыру қажет, оларды Қазақстанның білім беру жүйесінің қажеттіліктеріне бейімдеу керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Камалова А.Н. Эмоционалды интеллект білім беру процесінде сәттілік факторы ретінде. Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, 1 (67), 2020. 45–52.
2. Кенжебаева М.С. Эмоционалды интеллект және оның білім сапасына әсері. Білім және ғылым, 1 (89), 2023. 72–80.
3. Баймұхаметова Н.А. Мұғалімдердің кәсіби қызметіндегі эмоционалды интеллекттің рөлі. Ғылым мен білімнің өзекті мәселелері, 4 (42), 2022. 50–57.

ӘОЖ 37.013.42

### **БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ**

**Мұсабай Нұрайым Нуржанқызы**

педагогика ғылымдарының магистрі  
мектепке дейінгі және бастауыш  
білім беру кафедрасының оқытушысы  
КЕАҚ «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университеті»  
Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институты  
Қостанай қ., Қазақстан

#### **Аңдатпа**

*Бұл мақалада мектеп оқушылары арасындағы кибербуллинг мәселесі қарастырылады. Кибербуллингтің негізгі ерекшеліктері, себептері, оның психологиялық және әлеуметтік салдары талданады. Сонымен қатар, Қазақстандағы статистикалық деректер келтіріліп, кибербуллингке қарсы қолданылатын негізгі шаралар қарастырылады. Алдын алу жолдары және ата–аналар мен мұғалімдердің рөліне назар аударылады.*

**Түйінді сөздер:** кибербуллинг, мектеп оқушылары, психологиялық зорлық–зомбылық, ғаламтор қауіпсіздігі.

#### **Аннотация**

*В данной статье рассматривается проблема кибербуллинга среди школьников. Анализируются основные особенности, причины, психологические и социальные последствия кибербуллинга. Приводятся статистические данные по Казахстану, а также рассматриваются основные меры по борьбе с этим явлением. Внимание уделяется профилактике кибербуллинга и роли родителей и педагогов в его предотвращении.*

**Ключевые слова:** кибербуллинг, школьники, психологическое насилие, интернет–безопасность.

### Abstract

*This article examines the issue of cyberbullying among schoolchildren. It analyzes the main characteristics, causes, and psychological and social consequences of cyberbullying. Statistical data from Kazakhstan is presented, along with key measures to combat this phenomenon. Attention is given to prevention strategies and the role of parents and educators in addressing cyberbullying.*

**Key words:** *cyberbullying, pupils, psychological violence, internet safety.*

Бүгінде мектеп оқушылары арасындағы кибербуллинг мәселесі қоғамда ерекше өзектілікке ие. Цифрлық технологиялар мен әлеуметтік желілердің көп қолданылуы оқушылар арасында кибербуллингтің кеңінен таралуына жол ашты. Жапа шеккен оқушылардың көпшілігі осы зорлық–зомбылықтың әсерінен психологиялық тұрғыдан қиындық көреді, ал оның салдары онлайн кеңістікте ұзақ уақыт сақталып, бұл жағдайды одан сайын ушықтыруда. Кибербуллингтің салдары тек оқушылардың психологиялық денсаулығына ғана емес, оқу үлгеріміне және жалпы әлеуметтік өміріне де жағымсыз әсерін тигізуде. Сондықтан бұл мәселені шешу, балаларды киберқорғану дағдыларымен таныстыру және оған қарсы нақты шаралар қабылдау мектептер мен қоғам үшін аса маңызды болып отыр.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының 2024 жылғы 27 наурыздағы мәліметінше, қазақстандық балалардың 13%–ы (шамамен 8 баланың 1–уі) кибербуллингке ұшырайды, ұлдар арасында бұл көрсеткіш қыздарға қарағанда (12%) жоғары (15%). Ал, балалардың шамамен 11%–ы (9 жасөспірімнің 1–уі) басқа адамдардың кибербуллингке қатысқан. Ұлдар (14%) кибербуллингке қатысқаны туралы қыздарға (8%) қарағанда жиі хабарлайды [1].

Мемлекет Басшысы Қасым–Жомарт Тоқаев «елдегі әрбір баланың бақытты және қауіпсіз балалық шағы болуы тиіс» деп мәлімдеді осыған байланысты «кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық–зомбылықтың кез келген түрі үшін жазаны қатаңдату» қажет [2]. Сондай–ақ, Мемлекет басшысы зорлық–зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеуге ерекше назар аударды [3].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «Қазіргі әлемдегі цифрлық технологиялардың ілгерілеуі өскелең ұрпақты тәрбиелеуге ерекше әсер етеді, бұл балалардың киберқауіпсіздігіне, кибергигиенасына және кибермәдениетіне қатысты пайдалы әдеттерді қалыптастыруды талап етеді», – деп көрсетіледі [4].

Қазіргі уақытта кибербуллинг ғаламтордағы тұлғаға бағытталған ең қауіпті және аяусыз шабуыл түрі болып табылады. Буллер көбінесе құрбандарының сенімсіздігін пайдаланып, оның психикалық күйіне шабуыл жасап қорлау көрсетеді. Кибербуллинг қорлау, қорқыту, тұлға туралы фото, видео және құжаттар жіберу, сондай–ақ жалған ақпаратпен және жеке мәліметтермен толтырылған жалған сайттарда жүзеге асуы мүмкін. «Кибербуллинг» термині ғаламтор–технологиялары, компьютерлер, құрылғылар және басқа да құралдар арқылы тұлғаға зорлық–зомбылық көрсету дегенді білдіреді. Бұл мақсатты және агрессивті психологиялық соғыстың түрі, оның ұзақтығы үнемі және жүйелі қайталанумен анықталады. Кибербуллинг жеке адам немесе бір топ арқылы жүзеге асуы мүмкін.

Кибербуллинг мәселесі алғаш рет Б. Белси еңбектерінде көтерілді, ол оны ақпараттық және коммуникациялық технологияларды жеке тұлға немесе топтың басқа адамдарға зиян келтіру мақсатында әдейі, қайталанатын және дұшпандық мінез–құлық көрсетуі ретінде анықтады [5]. Кибербуллингтің пайда болу себептерін (Е.А. Башмакова, Е.А. Дегтярев, Д.Н. Солдатов), қазіргі технологиялар кеңістігіндегі

қудалаудың ерекшеліктерін (А.А. Бочавер, Н.В. Горлова, К.Д. Хломов, Л. Бекман, К. Хагквист, Л. Хелльстрём, П.С. Евангелио және басқалар, А. Герциг, Л.А. Фрумкин, Дж. Ван), әлеуметтік желілерде виктимдік мінез–құлық танытатын негізгі пайдаланушы түрлерін (Н.В. Власова, Е.Л. Буслаева, О.В. Карпеева, В.А. Роженко, Р.А. Валеева, А.Н. Хоменко, Дж. Ван, Р.Дж. Яннотти) анықтады.

Қазақстандық авторлар Т.М. Илюхина, Р.У. Узакбаева, С.О. Амантаева балалар мен жасөспірімдер арасындағы буллинг пен зорлық–зомбылықтың себептері мен салдарын зерттеп, кибербуллингке сипаттама береді. Олардың пікірінше, кибербуллинг – бұл электронды пошта немесе әлеуметтік желілер арқылы адамның ар–намысына тиетін сөздер, өтірік және шындыққа жанаспайтын қауесеттер арқылы айыптау [5]. Сонымен қатар, авторлар мектептегі буллинктің алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеген.

Буллингке қарсы құқықтық қорғау туралы қазақстандық заңгер Т.Назханов әлеуметтік желілерде балаларға қарсы қудалау жағдайында оларды қалай қорғауға болатыны туралы кеңестер беріп, буллинг пен кибербуллинктің құқықтық шешімдер механизмін жан–жақты талдаған [6].

Кибербуллинктің дәстүрлі буллингтен айырмашылығы, оны жүзеге асырудың нақты, өзіне тән шарттары бар: толық анонимділік мүмкіндігі, 24/7 қолжетімділігі, үздіксіздік, қашықтық және кері байланыстың болмауы, тежелудің әлсіреу әсері, рөлдердің инверсиясы, куәгерлердің үлкен аудиториясы және ақпараттың бұрмалануы. Кибербуллинктің ерекшеліктерін толығырақ қарастырайық [7].

*Анонимділік.* Құрбан өзінің қорлаушысын бетпе–бет білетін және қорлаудан аулақ болуға тырысатын дәстүрлі буллингтен айырмашылығы, көп жағдайда ғаламторда қылмыскер тұлғасы белгісіз. Ол кез–келген жалған есім мен аватардың артында жасырына алады. Құрбан кіммен қарым–қатынас жасайтынын, оған бір буллер немесе бірнешеуі шабуыл жасайтынын, оның жынысы мен жасын, буллердің шынайы өмірде таныс адам екенін немесе таныс еместігін білмейді және құқық бұзушыдан не күтуге болатынын түсінбейді. Бұл жағдай белгісіздік сезімін күшейтеді, құрбанның толық дәрменсіздік сезінуіне әкеледі және оның мазасыздығын арттырады.

*24/7 қолжетімділік.* Ғаламтор буллинг жасаушыға кез келген уақытта және кез келген жерде шабуыл жасау мүмкіндігін береді, себебі кибербуллинг актісін жүзеге асыру үшін тек мобильді құрылғы немесе компьютер және ғаламторға қосылу жеткілікті. Сонымен қатар, бұл түрдегі буллинг іс жүзінде ешқандай шығынды талап етпейді.

*Үздіксіздік.* Кибербуллинктің үздіксіз жүзеге асырылу мүмкіндігін білдіреді, өйткені ғаламтордағы ақпараттық үдерістің ерекшелігі сол, ештеңе ешқайда жоғалмайды. Бір рет орналастырылған ақпарат ғаламтор кеңістігінде мәңгі қалады және оны құрбан ғана емес, сонымен қатар виртуалды куәгерлер де қорлайтын пікірлер жазып, лайктар мен репосттар арқылы тарата алады.

*Қашықтық, кері байланыс болмауы.* Кибербуллинг құралдары шабуылдарды қашықтан жасауға мүмкіндік бергендіктен, бұл түрдегі қудалауда кері байланыс әсері болмайды. Буллинг жасаушы өз іс–әрекеттеріне құрбанның эмоционалды реакциясын көре алмайды, бұл қудалаудың әсерін төмен бағалауға алып келеді. Буллинг жасаушы құрбанды көрмей, оның артында нақты адам тұрғанын ұмытып кетеді, бұл өз кезегінде қатыгездікті күшейтеді.

*Тежелудің әлсіреу әсері.* Кибербуллинктің анонимділігі мен қашықтығы оның қатысушыларында эмоционалды алыстату әсерін қалыптастырады, бұл адамдардың виртуалды ортада шынайы өмірде жасамайтын әрекеттерін жасауына әкеледі. Анонимділік адам өз ар–ұжданын елемеге ықпал етеді, ал жазасыздық бүкіл

нәрсеге рұқсат беруге, қоғам тарапынан айыптаудан және сыннан қорықпауға мүмкіндік береді.

*Рөлдердің инверсиясы.* Ғаламтордың ерекшеліктері рөлдердің инверсиясы үшін қолайлы жағдай жасайды – жиі кездесетіні онлайн арқылы басқаларды қудалаушылар өздері де кибербуллинг құрбанына айналады немесе керісінше. Осылайша, киберкеңістіктің мүмкіндіктері кибербуллингке қатысуға ғана емес, сонымен қатар агрессорлар мен құрбандардың рөлдер арасындағы шекаралардың өтуін арттырып, оларды түрлендіруге әкелуі мүмкін. Кейбір мектептегі буллинг құрбандары ғаламтор мен жаңа технологияларды мектепте оларды қорлағандарға кек алу үшін пайдаланады деген болжам бар. Сондықтан, мектептегі кейбір агрессорлар интернетте құрбанның рөлінде болады. Осылайша, кибербуллингтің бұл ерекшелігінің пайда болуы кек алу мотивімен байланысты.

*Куәгерлердің үлкен аудиториясы* кибербуллинг жағдайын күрделендіреді, себебі бұл құрбанның өзін қоғамнан оқшауланған және шеттетілгендей сезінуіне әкеледі. Куәгерлердің араласпауы буллерге жанама қолдау көрсетіп, құрбанның қиналу сезімдерін күшейтеді. Сонымен қатар, куәгерлердің көп болуы психологиялық жағдайдың одан әрі қиындауына ықпал етеді.

*Ақпараттың бұрмалануы.* Жалған аккаунттарды жасау, ақпаратты көшіріп тарату жеңілдігі, әртүрлі құжаттардың, жеке фотосуреттердің көптеген үлгілерінің жалпы қолжетімділігі, құрбанның ғаламторға жариялаған жеке ақпараттарының көптігі, құжаттарды жасау мен өңдеуге арналған әртүрлі редакторлар мен басқа да бағдарламалардың болуы ғаламторда ақпаратты бұрмалаудың жеңілдігіне әкеледі. Сонымен қатар, ақпараттық ізді виртуалды ортадан жою тәжірибелік түрде мүмкін болмауын ескере отырып, жалған ақпарат құрбандардың беделін мәңгі бұзуы мүмкін.

Зерттеулер бойынша кибербуллингте 4 рөлді қамтитын бірыңғай рөлдік құрылым байқалады: буллер, құрбан, куәгер және буллер–құрбан. Соңғы рөл буллингтің бұрынғы құрбаны ғаламтор кеңістігінде буллерге айналғанын білдіреді. Кибербуллингке қатысудың негізгі себептері – қызық қуу және көңіл көтеру, кек алу, буллердің ашуы немесе эмоционалды тұрақсыздығы, билік сезімі.

Кибербуллингтің куәгерлерінде құқықбұзушылыққа қатысу және қатыспаудың келесі мотивтері анықталды [8]:

1. Қатыспау: буллер құрбанына айналуудан қорқу; өздерінің әлсіздігін сезіну; бұл жағдайдың мәнсіздігі туралы ойлап, уақытты босқа жұмсаудың қажеті жоқ деп санау; талқыланып жатқан тақырыпқа келіспеу.

2. Қатысу: бірінші топ құрбанға көмектескісі келеді, себебі олар кибербуллингтің дұрыс еместігі туралы біледі; буллермен сөйлесіп, құрбанға деген аяушылық сезімін тудыруға тырысады; құрбанға бұл жағдайдан шығуға көмек береді; екінші топ буллерге қосылады, себебі олар әзілдесуді қызық деп ойлайды.

3. Қалай әрекет ету керектігін білмейтіндер: даудың себебін толық білмейді; құрбанмен және буллерлермен қарым–қатынасына байланысты мінез–құлық стратегиясы таңдалады; кибербуллингтің дұрыс емес екендігін және олар құрбанмен немесе буллерлермен тікелей немесе онлайн диалогтан гөрі офлайн байланысқа шыққанды жөн санайды.

Кибербуллингке қатысушылардың ерекшеліктерін зерттеу оқушыларда жалпы эмпатияның төмен деңгейі анықталғанын көрсетті. Сондай–ақ эмпатия деңгейі мен кибербуллингке қатысу тенденциясы арасында теріс корреляциялық байланыс табылды [9].

Бақылаушыларға кибербуллинг жағдайына араласуға және құрбанға көмектесуге көмектесетін жеке қасиеттер – эмпатияның жоғары деңгейі, экстра–

верттік тұлға түрінің басым болуы, өзіндік тиімділіктің жоғары деңгейі (өз әрекеттерінің тиімділігіне сену).

Кибербуллинг құрбандары мазасыздық деңгейінің жоғарылауымен, өзін-өзі бағалаудың төмендігімен, жақын қарым-қатынасқа түсе алмау салдарынан жалғыздық сезімінің жоғарылауымен сипатталады.

Кибербуллингтің ерекшеліктерін, оның рөлдік құрылымын және оқушылардың қатысу себептерін білу мектептегі кибербуллингке қарсы алдын алу бағыттарын анықтаудың бастапқы нүктесі болып табылады, сондай-ақ оның дұрыс диагностикалану негізі болып табылады.

Кибербуллингтің құрбандарының белгілі бір пайызы дәстүрлі буллингтің тәжірибесіне қатыспаған, сондықтан дәстүрлі буллингтің алдын алу шаралары кибербуллингтің алдын алу үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Осы жағдайды және ғаламтор кеңістігінің, кибербуллингтің ерекшеліктерін ескере отырып, алдын алу жұмысын жүргізуде цифрлық ресурстарды қолданып жұмыс жасауға болады:

*Ғаламторға тәуелділік* – маңызды модератор. Кибервиктимдік компьютерге тәуелділікпен тығыз байланысты болып, кибербуллингтің теріс салдарын күшейтетін маңызды және ерекше модератор болып табылады. Кибербуллингтің алдын алу үшін маңызды стратегиялардың бірі – ғаламторда және компьютерге тәуелділіктен артық белсенділікті цифрлық әлеуметтік байланыс тәжірибесіне, ғаламторда буллерден қорғануды үйренуге және әлеуметтік желілерде тиімді жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға бағыттау. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша қажетті білімдерді үйрету буллер мен құрбан арасындағы күш теңсіздігін теңестіруге мүмкіндік береді, бұл кибербуллингтің теріс динамикасы мен салдарын азайтады.

Ғаламторды пайдалану бойынша ата-ана бақылауының рөлі ерекше. *Ата-аналардың технологиялар бойынша бақылауы* – кибербуллингтің салдарын азайтудың ең маңызды құралдарының бірі болып табылады, бұл әсіресе киберорта жағдайында ерекше маңызға ие. Ата-аналардың белсенді араласуына және олармен бірлескен (ата-ана мен бала) кибермәдениетті, денсаулықты сақтайтын цифрлық технологияларды, ғаламторды қауіпсіз пайдалануды үйрену бойынша байланыстарға негізделген стратегиялар жоғары тиімділік көрсетеді (пайдалануды жоспарлы бақылау, ақпараттық сүзгілерді орнату, құпиялылық параметрлерін меңгеру).

*Ғаламтордағы көмек.* Кибербуллингтің құрбандары жиі өздерінің тікелей қоршаған ортасымен, ата-аналарымен, мұғалімдермен немесе мектеп психологтарымен кибербуллинг мәселесі туралы сөйлескісі келмейді. Олар ғаламторда көп уақыт өткізеді және анонимді көмек алуды артық көреді, қажетті ақпарат пен көмекті ғаламтор арқылы сұрайды. Кибербуллингтің алдын алу және оның салдарын жеңілдету үшін потенциалды тиімді ресурс, дәстүрлі буллингтің түрлерінен айырмашылығы, ғаламтордың цифрлық ортасы болуы мүмкін. Киберкеңістік – кибербуллинг оқиғаларының салдарын жеңуге көмектесетін нақты жәрдем және қолдау технологияларын ұсыну үшін тамаша орын.

Осыған байланысты елімізде өзара құрмет пен ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынастарды қалыптастыруға, оқушылардың жеке өсуіне, сондай-ақ оқушыларды стресстік жағдайларда дұрыс мінез-құлық көрсетуге көмектесетін дағдыларды меңгеруге бағытталған кибербуллинг мәселелерінің алдын алу шаралары, бағдарламалары әзірленуде.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен 2024 жылдың 6-ақпанынан бастап балаларды цифрлық ортада қорғауға бағытталған «КИБЕР ТҰМАР» ақпараттық-білім беру науқаны басталды. Науқанының негізгі мақсаты –

балаларды ғаламторда қауіпсіздік пен дұрыс пайдалану тәжірибесіне үйрету, сондай-ақ ықтимал қатерлерді тиімді түрде еңсере білу дағдыларын қалыптастыру. Осыған дейін ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті «Kazakhstan Kids Online. Қазақстандағы балалардың цифрлық өмірі» тақырыбында балалардың ақпараттық қауіпсіздігі саласындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған «Ата-ана бақылауы» бағдарламасы бойынша ауқымды науқан өткізген еді.

Мұндай шараларды жүзеге асыру – кибербуллинг кезінде көмек пен өз-өзіне көмек көрсету үшін перспективалық стратегия. Бұл формадағы алдын алу мен көмек көрсету артықшылығы – онлайн-қызметтерді кез келген уақытта және кез келген жерде, адамның қалауы бойынша қолдануға болады.

Қорытындылай келе кибербуллингтің алдын алу шараларын жеке, қоғамдық және мектептік деңгейде қарау қажет және білім беру субъектілерінің бәрімен бірдей жұмыс істей отырып ұйымдастыру қажет. Олар: оқушылар, кибербуллингте әртүрлі рөлдік позицияларда болғандар, ата-аналар (немесе заңды өкілдер), мұғалімдер және білім беру ұйымының әкімшілігі. Айта кету керек, оқушылардың өздері алдын алу шараларының белсенді қатысушылары бола алады (кибермедиаторлар, еріктілер, мектеп психологының көмекшілері ретінде). Сонымен қатар, оқушылар мұғалімдер мен ата-аналарды жаңа техникалық құралдар мен қосымшаларды қолдану туралы кеңес бере алады.

Кибербуллингтің алдын алу шараларының негізгі міндеттері мен тиісті қызмет бағыттары келесідей болуы мүмкін: мектеп климатын жақсарту; психологиялық ортаның қауіпсіздігін жүйелі түрде нығайту; ата-аналармен серіктестік: оқыту және ақпараттандыру; кибербуллинг туралы мифтерді жоққа шығару; психологиялық ағарту; әлеуметтік, эмоционалдық, коммуникативтік және цифрлық дағдыларды дамыту; жеке тұлғаның адамгершілік сезімдердін дамыту; еріктілік пен тәлімгерлік; онлайн психологиялық қолдау, онлайн өзін-өзі қолдау бағдарламалары. Алдын алу шараларының жүйелі, үздіксіз және кешенді болуы маңызды. Бұл шаралар тек төтенше жағдайларға жауап ретінде ғана емес, сондай-ақ мақсатты тәрбие жұмысы, психологиялық-педагогикалық диагностика, жеке ресурстар мен әлеуетті дамыту, гуманистік құндылықтар мен әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыруды қамтуы қажет. Сонымен қатар, эмоциялық даму, этика нормалары мен эмпатияны, әлеуметтік интеллектіні дамытуға да көңіл бөлу керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы «Мектеп жасындағы балалардың денсаулыққа қатысты мінез-құлқы» (НБС) халықаралық зерттеуінің деректері <https://hls.kz/archives/42864> (жүгінген күні: 21.01. 2025)
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> (жүгінген күні: 21.01. 2025)
3. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> (жүгінген күні: 21.01. 2025)
4. Belsey В. Cyberbullying: An Emerging Threat to the «Always On» Generation [Электронный ресурс]. URL: <http://www.billbelsey.com/?p=1827> (жүгінген күні: 23.01. 2025)
5. Илюхина Т.М., Узакбаева Р.У., Амантаева С.О. және т.б. Білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында мектеп буллингін алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Қарағанды: ҚО ББД ОӘО, 2020. – 218 б.
6. Назханов Т. Виды правовой защиты от кибербуллинга: практическое пособие. – Алматы: GERONA, 2021. – 345 с.

7. Солдатова Г.У., Ярмина А.Н. Кибербуллинг: особенности, ролевая структура, детско–родительские отношения и стратегии // Национальный психологический журнал. 2019. №3 (35).С. 17–31. RL:<https://cyberpsy.ru/articles/soldatovayarminakiberbullying/?ysclid=Im64blxho0327164647> (жүгінген күні: 23.01. 2025)

8. Schultze–Krumbholz A., Schultze M., Zagorscak P., Wölfer R., Scheithauer H. Feeling cybervictims' pain – the effect of empathy training on cyberbullying // Aggressive Behavior. 2016. Vol. 42. Pp. 147–156. DOI: 10.1002/ab.21613:

9. Noorden T., Haselager G., Cillessen A., Bukowski W. Empathy and Involvement in Bullying in Children and Adolescents: A Systematic Review // Journal of Youth and Adolescence. 2015. Vol. 44(3). Pp. 637–657

УДК 371.321.1(051)

## ИЗУЧЕНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА ЧЕРЕЗ ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ: НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ ОБУЧЕНИЯ

**Назарбекова Гульсана Амандыковна**

студент–магистрант

кафедры германо–романская филология

факультет «Иностранный язык: два иностранных языка»

Северо–Казахстанского университета имени Манаша Козыбаева

г. Петропавловск, Казахстан

### **Аңдатпа**

*Бұл жұмыс ағылшын тілін үйрену процесінде жасанды интеллектті (AI) қолдануды қарастырады, оның білім беру тәжірибесін жақсарту әлеуетіне назар аударады. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында оқытудың дәстүрлі әдістері тиімсіз болады, бұл жаңа тәсілдерді енгізу қажеттілігін тудырады. Зерттеу нәтижесінде LinguaBot сияқты AI технологияларын қолдану студенттердің қатысу деңгейін едәуір арттырып, олардың тілдік дағдыларын жақсартатыны анықталды. Жұмыс оқытушыларды жаңа технологияларды қолдануға дайындау қажеттілігін көрсетеді және осы салада әрі қарай зерттеу бойынша ұсыныстар ұсынады.*


**Түйінді сөздер:** жасанды интеллект, білім, ағылшын тілі, адаптивті жүйелер, тіл көмекшісі.

### **Аннотация**

*В данной работе рассматривается применение искусственного интеллекта (ИИ) в процессе изучения английского языка, акцентируя внимание на его потенциале для улучшения образовательных практик. В условиях стремительного развития информационных технологий традиционные методы обучения становятся недостаточно эффективными, что создает необходимость внедрения новых подходов. В результате проведенного исследования выявлено, что использование технологий ИИ, таких как LinguaBot, значительно повышает уровень вовлеченности студентов и улучшает их языковые навыки. Работа подчеркивает необходимость подготовки преподавателей к использованию новых технологий и предлагает рекомендации по дальнейшему исследованию в этой области.*

**Ключевые слова:** искусственный интеллект, образование, английский язык, адаптивные системы, языковой ассистент.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ ҚОЛДАУШЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН  
ҚҰРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**



**ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ СОЗДАНИЯ БЕЗОПАСНОЙ И  
ПОДДЕРЖИВАЮЩЕЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ В ОРГАНИЗАЦИЯХ  
ОБРАЗОВАНИЯ**

<b>Абдиева Гульжан Курмангалиевна Идрисова Жамиля Жантасовна</b>	Безопасная технология образовательной среды на уроках биологии и географии	<b>313</b>
<b>Абдрахманов Арман Кабдешұлы</b>	Использование социальных сетей в изучении английского языка	<b>316</b>
<b>Абиева Айнура Сералеевна, Демисенова Шнар Сапаровна</b>	Теоретические основы исследования проблемы психологической безопасности личности старшеклассников	<b>321</b>
<b>Абильдинова Мадина Жетписбаевна</b>	Биология пәнінен функционалдық сауаттылықты дамытуда жасанды интеллект мүмкіндіктерін 3d, ar&vr технологияларымен интеграциялау және сабақ процесіне бейімдеу методикасы	<b>324</b>
<b>Абрамова Юлия Владимировна</b>	Коррекция психофизиологической базы письменной речи младших школьников с дисграфией	<b>328</b>
<b>Агеев Денис Николаевич</b>	Актуальные методы формирования функциональной грамотности на уроках физики	<b>334</b>
<b>Азаров Данил Станиславович, Демисенова Шнар Сапаровна</b>	Психологические аспекты эмоционального выгорания у будущих педагогов: факторы и механизмы	<b>338</b>
<b>Айтбаева Хурлиман Бердах қызы, Аймурзаева Лиза Гулмурзаевна</b>	Химияны оқытудағы ақпараттық технологияның мүмкіндіктері	<b>342</b>
<b>Айтмагамбетов Ермек Жылгелдэнович, Шалгимбекова Кенжегуль Сапышевна</b>	Современные подходы к организации психолого–педагогического сопровождения профессионального самоопределения в колледже	<b>346</b>
<b>Александров Спартак Геннадиевич, Бондаренко Артём Эдуардович</b>	Система «умный дом» или как автоматизация помогает в спорте	<b>350</b>

5 СЕКЦИЯ

<b>Алексеева Наталья Анатольевна</b>	Факторы развития, модели, механизмы внедрения гибридного обучения в высшей школе	<b>354</b>
<b>Алжанова Гульнур Мурзагалиевна</b>	Краеведение как средство интеграции урочной и внеурочной деятельности	<b>359</b>
<b>Алимбаева Айжан Азатовна, Назарова Нина Григорьевна</b>	Криотерапия: инновационный метод раскрытия речевого потенциала	<b>364</b>
<b>Alimov Farhod Sharabidinovich</b>	Distance learning by using innovative technologies in teaching foreign language	<b>368</b>
<b>Алимова Салтанат Женисовна</b>	Оқу үдерісінде жобалап оқыту технологиясын қолдану жолдары	<b>372</b>
<b>Алипбаева Гульжан Агыбаевна</b>	Мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін қауіпсіз білім беру ортасы: қақтығыстарды алдын алу және шешудегі технологиялардың рөлі	<b>377</b>
<b>Альмуханова Айнур Каиржановна, Ибраева Рсалды Кабилмажитовна</b>	Оқушылардың математикалық – функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін психологиялық–педагогикалық шарттарын айқындау жолдары	<b>380</b>
<b>Аман Мерей Өскенқызы</b>	Қазақ тіліндегі шақ категориясының сипатталуы	<b>383</b>
<b>Амиржанова Гульмира Хамияловна</b>	Химия сабақтарында функционалдық сауаттылық тапсырмаларын орындау кезінде суреттер мен графикалық ақпаратты пайдаланудың маңызы	<b>389</b>
<b>Амирова Евгения Леонидовна</b>	Из опыта применения мнемотехник на уроках английского языка в начальной школе	<b>393</b>
<b>Амирхамзина Бакыт Касенгалиевна</b>	Білім беру сапасын жақсартудың негізгі шарттары	<b>398</b>
<b>Аношкина Наталья Леонидовна, Родионов Данила Владимирович</b>	Применение искусственного интеллекта для обеспечения безопасности школьников в учебном заведении	<b>403</b>
<b>Assanova Assel Begezhanovna, Kinzhibaeva Aigul Serikpaevna</b>	Application of gamification techniques to create a supportive learning environment in higher education English classes	<b>407</b>
<b>Астраханцева Елена Викторовна, Нурпеисова Орынбасар Сагандыковна</b>	Методика развития речи учащихся через речевые упражнения на уроках русского языка и литературы	<b>411</b>

5 СЕКЦИЯ

<b>Атаева Акмарал Буркитовна</b>	Білім беру ұйымдарында қауіпсіз және қолдау көрсететін білім беру ортасын құрудың инновациялық технологиялары	<b>415</b>
<b>Аубакирова Толкын Утешовна</b>	Балабақшада жаңа технологияларды қолдану әдістері	<b>421</b>
<b>Аушамина Гульсара Ашимовна, Дуспаева Гульмира Джамбуловна</b>	Актуальные компетенции обучения математике в общеобразовательной школе	<b>424</b>
<b>Ахметбекова Зауре Далихатовна, Даумова Батима Бексултановна</b>	Инновационные технологии в развитии этнической толерантности у студентов вуза	<b>429</b>
<b>Ахметов Мейрамбек Борантаевич</b>	Білім беру ұйымдарында қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын құрудың инновациялық технологиялары	<b>433</b>
<b>Ачинович Мария Сергеевна, Шилинг Галина Сергеевна</b>	Методика использования игры на уроке математики	<b>436</b>
<b>Әмірова Аружан Мақсатқызы</b>	Визуалды әдістердің орта мектеп бағдарламасындағы маңызы	<b>440</b>
<b>Баймухаметова Батила Тургинбаевна, Тансыкбаева Жамиля Тургинбаевна</b>	Кейс–технологии на уроках химии как средство формирования метапредметных компетенций обучающихся	<b>443</b>
<b>Байтерекова Нұрбану Илиясқызы</b>	Білім берудегі жасанды интеллектіні қолдану ерекшеліктері	<b>449</b>
<b>Байшева Айгерим Бакытжанқызы</b>	География пәнін оқыту үдерісінде инновациялық технологиялардың өзекті аспектілері	<b>453</b>
<b>Балабатыр Ольга Сергеевна</b>	Инновационные технологии учителя–логопеда, для создания безопасной образовательной среды в школе	<b>458</b>
<b>Балаубаева Асем Муратбековна</b>	Цифрландырудың мектепке дейінгі білім беру саласындағы әсері: мүмкіндіктер мен қиындықтар	<b>462</b>
<b>Балжанова Айгуль Магжановна</b>	Особенности использования цифровых ресурсов в обучении английскому языку	<b>465</b>
<b>Бапинова Диана Аббасовна, Чернякова Галина Сергеевна</b>	Современные методы безопасной и поддерживающей образовательной среды в учебных заведениях	<b>469</b>

5 СЕКЦИЯ

<b>Батвинкина Юлия Михайловна</b>	Тестовые задания как форма промежуточного контроля на уроках художественного труда	<b>473</b>
<b>Батура Людмила Владимировна, Дубогрей Наталья Григорьевна</b>	Уроки с элементами проектной технологии: от идеи до реализации	<b>476</b>
<b>Bezhdina Viktoriya Valerievna, Solovyova Natalya Anatolyevna</b>	Ai tools for developing critical thinking at the lessons of english (a case of reading)	<b>482</b>
<b>Безаубекова Алмагул Даненовна, Дускеева Камилла Бергентаевна</b>	Қазақ тілі сабақтарында цифрлық ресурстарды түрлендіріп қолдану	<b>487</b>
<b>Безлюдная Юлия Геннадиевна</b>	Применение цифровых технологий и искусственного интеллекта в процессе обучения английскому языку школьников: эффективность методов	<b>493</b>
<b>Беисова Дина Бериковна</b>	Ключевые аспекты современного школьного образования: национальные инициативы по созданию безопасных школ	<b>496</b>
<b>Бекбосынова Ардак Рамазановна</b>	Математикалық сауаттылық: болашақтың кілті	<b>500</b>
<b>Бекмагамбетова Сапаркуль Нурымовна</b>	Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы МОДО-ға дайындық	<b>506</b>
<b>Бекмухамбетова Жанылдық Каирбековна, Редикульцева Юлия Владимировна</b>	Инновационные технологии в создании развивающей безопасной и поддерживающей образовательной среды в дошкольной организации	<b>511</b>
<b>Белова Марина Александровна, Құсейін Манарбек Мұратбекұлы</b>	Создание психологически комфортной и безопасной среды «Безопасная среда» в организациях образования	<b>515</b>
<b>Bermukhambetova Assel Atymtayevna, Kurmangaliyev Arman Atymtayevich</b>	Communicative features of the oral discourse of the tv interview	<b>520</b>
<b>Бернгардт Нелля Александровна</b>	Инновационные технологии создания безопасной и поддерживающей образовательной среды в подготовительной к школе группе	<b>525</b>
<b>Бертыш Наталья Анатольевна</b>	Инновационные технологии создания безопасной и поддерживающей образовательной среды на уроках художественного труда	<b>529</b>

5 СЕКЦИЯ

<b>Бижанова Гулайым Газизовна</b>	Современные технологии: путь к качеству образования	<b>534</b>
<b>Бисембаева Анара Ермековна, Кенжемуханова Асемгуль Болатовна</b>	Развитие критического мышления младших школьников на основе использования искусственного интеллекта на уроках литературного чтения	<b>540</b>
<b>Бисембаева Жанат Кумаровна</b>	Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі балалардың өмірін қамтамасыз ету шарты ретінде қауіпсіз және психологиялық жайлы білім беру ортасын құру	<b>543</b>
<b>Блинова Надежда Сергеевна, Данильченко Галина Ивановна</b>	Дидактические игры как инструмент создания благоприятной и положительной среды для интеллектуального развития в организациях начального образования	<b>547</b>
<b>Бойчук Екатерина Валерьевна</b>	Развитие системы кибербезопасности в образовательных учреждениях: важность, проблемы и решения на примере Казахстана	<b>551</b>
<b>Бондарь Надежда Сергеевна</b>	Использование «облачных» технологий и сред обучения по информатике	<b>555</b>
<b>Борисенко Ксения Владимировна, Данильченко Галина Ивановна</b>	Инновационные стратегии формирования математической грамотности у младших школьников	<b>559</b>
<b>Брагинец Ирина Дамировна</b>	Проектирование безопасной и комфортной среды общеобразовательной организации – это новый вектор образовательной среды	<b>563</b>
<b>Будзевич Ольга Владимировна</b>	Формирование ценностей через искусство: безопасная и поддерживающая образовательная среда на уроках художественного труда	<b>567</b>
<b>Булко Ольга Николаевна, Калинова Татьяна Владимировна</b>	Инновационные технологии безопасной и поддерживающей образовательной среды в современной системе образования	<b>570</b>
<b>Бурмагина Лариса Александровна, Рахметова Айнаш Амангельдиновна</b>	Интерактивные технологии как средство создания поддерживающей образовательной среды	<b>574</b>
<b>Бушуева Ольга Ивановна</b>	Методы и приёмы инклюзивного обучения в начальной школе	<b>579</b>

5 СЕКЦИЯ

<b>Вайс Людмила Владимировна, Овчаренко Елена Владимировна</b>	Современные технологии для обеспечения доступности образования в инклюзивной среде	<b>584</b>
<b>Ватрас Наталья Алексеевна</b>	Хакатоны и искусственный интеллект: путь к цифровой безопасности	<b>588</b>
<b>Вафин Дамир Аюпович</b>	Использование инновационных методов на уроках истории в современной школе	<b>594</b>
<b>Вахабова Гузелия Ильясовна</b>	Безопасность и правила дорожного движения при изучении профессиональных модулей квалификации «Машинист дорожных строительных машин»	<b>597</b>
<b>Ващенко Елена Валерьевна, Смаглий Татьяна Ивановна</b>	Развитие эмоциональной устойчивости личности как психолого–педагогическая проблема	<b>604</b>
<b>Виноградова Нина Валентиновна</b>	Потенциал виртуальных платформ для обучения аналитической геометрии	<b>607</b>
